

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 150я қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 745-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақтың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Саны 287 бірлік компьютерлік техника паркін сатып алу және жаңарту. Мыналарды: 1 бірлік сканер, 1 бірлік сервер, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін сапарлық іс-шараларды аудио-ақпараттық қамтамасыз ету үшін 1 бірлік цифрлық жабдық сатып алу. Саны 2 бірлік бағдарламалық өнімдер мен техникалық ақпарат қорғау құралдарын сатып алу".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы